

Мұнайлы ауданы «№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Ақпарат

10.10.2024ж күні мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеп, оның ішіндегі жұмыс жүргізілді. Әлеуметтік картатекасы жасап, әр сыныпқа әлеуметтік диагностикалық куәлік жасалды. Сынып жетекшімен бірлесе отырып өгей әке, өгей анамен тұратын оқушылармен жиі байланысқа шығу, тұрмыстық жағдайларын бақылау, ағарту жұмыстарын жүргізу, акт жасақтау. ДТЖО, сынып жетекшісі, және әлеуметтік педагог, педагог психолог қызметкерлері бірігіп үй аралап, сабаққа келмей қалып жүрген оқушыларды тексердік.

«Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі» - атты тақырыпта оқушыларымызға медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізілді. Оқушыларымызға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Онымен қоса жеміс-жидектерді таза сүмен шайып, жуып, тазалап жеу керектігін ескертті. Зиянды тамақтардан өздерін аулақ ұстауға кеңес берді. Асхана жұмысының сапасын бағалау үшін тегін ыстық тамақ ішетін бастауыш сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Қазіргі таңда 4-сыныптар арасынан 120-оқушыдан сауалнамаға алынып, 102- оқушы тамағы жақсы, асхана таза, тамақтары ұнайды деп сауалнамаға жауап берді. 18- оқушы өз ойларын, пікірлерін жазды. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың денсаулығын профилактикалық- медициналық бақылаудан өткіздік. Оған қатысқан мектеп медбикесі әлеуметтік педагогтар. Асхана жұмысын тексеріп, мониторинг талдау жасалды. Қазіргі таңда асханада тегін және жеңілдетілген тамақтанумен тамақтанып отырған 1-4 сыныптардан 465 -оқушы толықтай тамақ ішіп отыр. Аз қамтылған 5-11 сыныптардан 70- оқушы тамақтанып отыр. Ата-аналармен байланыс жұмыстары жүргізілуде. Аталған оқушылар күнделікті санитарлық талаптарды сақтай отырып, уақытында тамақтануда.

Әлеуметтік педагог:  А. Төлеп.

Қазан айының 10-жұлдызында 5- сынып оқушылары арасынан «Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі» атты тақырыпта мектеп медбикесі өз түсіндірме жұмысын жүргізді.



Асхана жұмысының сапасын бағалау үшін тегін ыстық тамақ ішетін бастауыш сынып оқушыларынан сауалнама алынды.



Асхана жұмысын тексеру мониторинг талдау жасау жұмысы жүргізілді. Оған комиссия мүшелері қатысты. Асхананың тоназытқыштарын жеміс-жидек салатын ыдыстарды, тазалық жұмысын қалай жүретінін сұрақ қою арқылы тексерді.

